

БӨЛІМ: ЛОГОПЕДИЯ

Арнайы білім беру ұйымдарында Монтессори ортасын ұйымдастыру.

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.05.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/153061/>

Логопед-Жакипова Нуржамал Андахуловна

Арнайы білім беру ұйымдарында Монтессори ортасын ұйымдастыру.

Монтессори әдісінің негізгі қағидасы – «оқы,оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай – ақ, олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады.Бүгінде осы әдіспен жұмыс жасайтын балабақшалар көптеп ашылып жатыр. Балабақшадағы ұстаздар міндетті түрде дайындық курсынан өтеді. Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды.

Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес , дидактикалық материалдармен сабақ ұзақтығын өздері таңдай отырып, балаларға өздігінен жұмыс жасауға жағдай жасаған.

М.Монтессори: «Бала дүниеге келгеннен бастап өзін- өзі дамытуға және жеке адам ретінде қалыптасуға қабілетті. Оның ішкі жан дүниесінде ерекше күш бар, ал үлкендердің міндеті сол энергияның жұмсалуына жағдай жасау» — деген екен.

Бұл Монтессори — педагогиканың негізгі ұстанымдарының бірі.

Монтесорри жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидаты – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-

ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады

Монтессори әдісінің мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
 - өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
 - балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.
- Монтессори ұстазының міндеті:
- балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу;
 - негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
 - ұсақ моториканы дамыту;
 - алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру;
 - зейінін тұрақтандыру;
 - тәртіпке үйрету;

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

1. Сенсорлық аймақ 2. Математикалық аймақ.

3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.

4. Тілдік аймақ

5. Ғарышты аймақ.

6. Математика аймағы:

- 10 шегінде санау үшін (штангалар, шпиндельдер, чиптер) ;
- ондық жүйемен танысу үшін («алтын» материал);
- 100-ге дейін санау үшін (моншақтар, Сеген тақталары, түрлі-түсті тізбектер);
- арифметикалық әрекеттермен танысу үшін (маркалар, нүктелік Ойын, қосу, азайту, көбейту және бөлу кестелері);
- бөлшектермен танысу үшін;
- геометрия негіздерімен танысу үшін (геометриялық шкаф, құрылымдық үшбұрыштар).

7. Сенсорика аймағы:

- өлшемді анықтау үшін (цилиндр блоктары, қызғылт мұнара башня, қоңыр баспалдақ, қызыл штангалар);
- түстерді ажырату үшін (түрлі-түсті тақтайшалар);

- тактильді сезімді дамыту үшін (өрескел тақтайшалар, маталар);
- есту қабілетін дамыту үшін (Шу цилиндрлері, қоңыраулар) ;
- стереогностикалық сезімді дамыту үшін (геометриялық денелер, сиқырлы дорба, сұрыптау);
- иіс сезімін дамыту үшін;
- дәмді дамыту үшін.

3. Күнделікті өмір жаттығулар аймағы:

Күнделікті өмір жаттығулар аймағы кішкентай балалар үшін ерекше маңызды.

КӨЖ аймағында бала өзіне және өз заттарына қарауға көмектесетін материалдар орналасқан. Материалдар бала өзі істейтін ісінің мақсатын айқын түсінген жағдайда таңдап алынады. Бала өзі киінуге (түйме, кнопка, сыдырма, жіпшелер, түйрегіштер, баулар, банттар, ілмектер сияқты заттар салынған рамкаларды пайдалана отырып) үйренеді.

4. Тіл аймағы:

Балаға тілді алып жүруші ретінде тілді дамытуға арналған **Монтессори технологиясын қолданудың әдіс - тәсілдері**. тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық (қимылдық) дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету, т.б қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасына сурет салуға, сондай - ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйренеді.

тіл аймағы материалдарды қамтиды:

- сөздік қорын кеңейту үшін (заттарды бейнелейтін қораптар мен карталар);
- жазуды үйрену үшін (көлеңкелеу жақтаулары, өрескел әріптер, жылжымалы алфавит);
- оқуды үйрену үшін (алғашқы интуитивті оқуға арналған фигуралық қораптар, қоршаған орта тақырыптарына қолтаңбалар, Қарапайым кітаптар)

5. Ғарыш аймағы:

Жұмыс баланы қоршаған ортамен байланыстырады. Ғарыш аймағында балалар жер бедері, жер шары, әлем бойынша елдерді, олардың мәдениеті мен дәстүрін, өлі және тірі табиғатты, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді, биологиялық, географиялық, физикалық, химиялық түсініктерін толық алады.

Бұл аймақта балалар тереңдетіле түсінік алады. Ғарыштық білім беру аймағы мыналарды қамтиды:

- *География туралы түсінік (континенттер, ландшафттар, табиғи аймақтар, Күн жүйесі);*
- *Зоология туралы түсінік (жануарлардың жіктелуі, тіршілік ету ортасы);*
- *ботаника туралы (жіктелуі, өсімдіктердің тіршілік ету ортасы);*
- *тарих туралы түсінік (уақыт сызықтары, күнтізбелер) ;*
- *Ғылым туралы түсінік (төрт элемент, эксперименттер).*

Балалар жұмыс істегісі келетін аймақ пен нақты Монтессори – материалды өзі таңдайды. Ол жалғыз өзі немесе басқа баламен жұмыс істегісі келе ме, оны да өзі таңдайды. Бала өзінің қарқынында жұмыс істейді. Монтессори баланың шынайы заттармен айналысуын «жұмыс» деп атайды, ал біз «ойын» деп санағанға үйреніп қалғанбыз. Арнайы мекемелерде монтессори ортасы әртүрлі бұрыш аймақтарға бөлініп құрылады, яғни әр аймақта орындалатын күнделікті қолданылатын тәртібі мен жұмыс жасау ережелеріне балаларды үйрету мақсатында құрылады.

Монтессори балалар бөлмесі: ұйқы аймағы

Ұйқы аймағы-бұл тек баланың ұйқысына арналған бөлек аймақ. Олар оны ойнамайды, еркелетпейді, ол тек мақсатына сай қолданылады — ұйқы үшін. Бұл жаңа туған нәрестеге арналған бесік немесе үлкен нәрестеге арналған төмен матрац болуы мүмкін. Төмен матрац — балаға құлап кету қаупінсіз шекараны сезінуді үйренуге көмектеседі.

Тамақ аймағы:

Ас үйде қолданылатын ыдыс аяқ, сөрелер орналасқан. Тамақ жасау үлгілері көрсетіледі.

Айнасы бар белсенділік аймағы

Балалар өздерін айнада көргенді, дене мүшелерін зерттегенді, айнадағы қозғалыстарды өз қимылдарымен байланыстырғанды ұнатады.

Жұмыс аймағы: еденде және үстелде

Балалар әртүрлі материалдармен ойнай бастағанда (жұмыс істей бастағанда), оларды ашық сөрелерге немесе сөрелерге қою керек. Сол жерден бала бір нәрсені алып, жұмыс аймағына — үстелге немесе еденге апарды.

Оқу аймағы

Балаңызға оқуға деген сүйіспеншілікті оятқыңыз келе ме? Мұны қалай жасау керектігін білесіз бе? Монтессори әдісі оқу аймағына ерекше назар аударады. Бұл жақсы жарықтандырылған және кітап сөресі бар оңаша, ыңғайлы орын. Кітаптар тамырымен емес, оң жағымен орналастырылған, сондықтан бала не іздегісі келетінін немесе анасы оқитынын таңдай алады.

Қорытынды:

1. *Монтессори – педагог М.Монтессори технологиясының теориясын меңгереді, тәжірибеде жүзеге асыруға ықпал етеді;*
2. *Монтессори — педагог баланың дамуына бағытталған заттық-кеңістік ортаны жасайды;*
3. *Ата — анамен байланысты нығайтады;*
4. *Баланың өздігінен еркін дамуға ықпал етеді;*
5. *Педагог тәрбиешілердің жаңа технологияны меңгеру арқылы кәсіби құзіреттіліктері қалыптасады.*
6. *Балалар өздеріне қызмет етуді, еркін қозғалуын, материалдармен ұзақ уақыт жұмыс жасауға, таңдау жасауға, өздігінен шешім қабылдауға, өз – өзіне деген сенімге, өз ойын ашық айта алуға, жеке жұмыс жасауға, бір – бірін сыйлауға, достық қарым – қатынасқа, өзін жеке тұлға ретінде дамытады*

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.